Кенжекеңнің кейбір кездері...

Кенжеғали - кеңдіктің, кемелдіктің өлшемі. Кең, паң, дархан. Әлбетте, осы сөздерге - Даладай деген сөз қосылса тіпті жарасып кетер еді. Өйткені ол, қалада емес, кәдімгі Торғайдың даласында туған. Ұлы даланың Ұлытауынан батысқа қарай бағыт ала бастағанда «Жыланшық» жылғасымен жүйтки жөнеліп, айдынды «Аққөлге» маңдай тірейді. «Көне Торғай» деп аталатын маңғаз да, маң даланың маңдайына біткен жалғыз көл - «Аққөл» оған құятын жалғыз өзен - «Жыланшық».

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын.

Егер «Жыланшық» жылда құймаса, «Аққөл» қаңсып қалар еді. «Аққөлдің» жаны - «Жыланшық». «Жыланшықтың» құдіреті - Ұлытауда жатыр. Өйткені, ұлы өзендердің бәрі - «Ұлытаудан» бастау алады. Торғай, Есіл, Терісқаққан... Бір ғана Торғайдан алпыс екі сала тарайды. Торғайдың алпыс екі саласы бар, Торғайдың алпыс екі баласы бар. Адамның да алпыс екі тамыры бар емес пе? Ендеше, мұның да сыры бар, тылсымы бар, тарихы бар. Тек тани білу керек, айта білу керек, жаза білу керек. Сол Сырағаң айтқан Торғайдың «алпыс екі баласының» екеуі осы Жыланшық жағасы. Аққөл алқымында туған. Бірі - Ахмет Байтұрсынұлы, екіншісі - өзіміздің Кенжекең, Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев. Әріректе Кенжекең айтқан бір әңгімесі есте қалыпты.

- Әкем ырдуан арбаға алдымен шөп төсеп, үстіне киіз жабады. Арбаның үсті абажадай кең көсіліп жатасың ба, аунапқунайсың ба? Әкем арбаға қаракерді жекті дегенше, Аққөлге баратынымыз белгілі - қуанышымызда шек жоқ. «Шөптікөлде» отырған біздің ауылдың адамдары қолы босаса болды - «Аққөлге» ағылатын.

Әкем, бірақ, көп дүрмекке қосылмай, көбінесе, жеке тартатын. Мені қасынан тастамайды. Міне, бүгінде «Аққөлге» беталдық. «Шөптікөл» мен Аққөлдің арасы өгіз арбаға әжептәуір. Ауылдан шыққаннан кейін, әкем, еркіндіктің қадірін енді сезінгендей, өз-өзінен қунап, көңілді бір әуенге басады. Көңілді болса мұңды, баяу толғайды. Арбадағы иісі мұрынды жаратын жас шөпке шала мас боп, жанағы бір сиқырлы әуен бойды арбағандай, арбадағы мен әлденеге маужырап ұйқыға мас боламын. Ұйықтағанда емес, ұйықтамағанда емес, бір елес күйдің құшағында әкем айтқан ән-әуенге малтып, тербеліп бара жатқандай болам. Сондағы құлағымда қалған әуен:

-Қалтылдақ қайың мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын соқса жылжи беру,

Болғандай табан тіреу ешнәрсе жоқ.

Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол,
бір жерден сөз,
Алалық алтыбақан дертпен келдік.

Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,
Еліріп ерегеске екі-үш күндік.
Кіреді тентек есі түстен кейін,
Мүшкілін халіміздің жаңа білдік.

Әкем айтқан осы әуен үнемі құлағымның түбінде үн қатып, көкірегімнің көмбесінде жасырынып жатушы еді. Кейін ес біле келе бір күні әкемнен «бұл қайдағы өлең, кімдікі?!» деп сұрадым.

Әкем әлденеге торыққандай, біраз үндемей қабағын түйіп отырды да: - Е, шырағым, оны қайтесің, әзір қажеті жоқ, кейін білерсің! - деп бір күрсініп қойды.

Айтқандай-ақ, кейін заман түзеліп, Тәуелсіздік алғаннан кейін, Ахаңның өлеңдерін оқуға қол жеткіздік. Тас бұлақтың суына шөліркегендей, Ахаң өлеңдеріне бас қойғанымызда, о, ғажап, баяғы әкем айтқан әуен құлағымда гүілдеп қоя берді. Баяу да, биязы үні мұңды сарын, мұрын жаратын жас шөптің жұпар иісі, арба доңғалағының шиқылына дейін құлағымды шулатып, көңілімді қуантып шыға келді.

Кенжекең айтқан осы әңгіме менің де санама сіңіп, көкірек тұсымнан кетпей қойды. Менің де көз алдыма көгілдір жайлау, айдын шалқар көл, сыңсыған құрақ, сыңғырлаған аққу үні кетпей қойды. Қоңыр белде қоңыр тірліктің куәсіндей, пар өгіз тартқан төрт аяқты арбаның үстінде Ахаңның әуенімен оянған аққұба баланың кейін, сол атасы сияқты төрткүл дүниеге танымал боларын, ол кезде кім білген дейсің. Бұл да бір өмірдің кезеңі ғой...

***

Ахаңның туған жерінде кіндік қаны тамған Кенжекең кейін ұлы адам өмір сүрген ортаның ұрпақтарымен араласып, құраласып, олардың рухани тірлігіне үлес қоса бастады. Өзі туған Торғайда Ахмет, Міржақып сынды ұлы тұлғалар туып, өмір сүргеніне көз жеткізді, тіпті олардың көзін көрген кісілермен кездесіп, сөйлесіп қалған кездері бар. Болашақ ғалым мұндай ұлы тұлғалардың құр жатпайтынын, ерте ме, кеш пе, тарихтың қойнауынан бір шығатынын болжап білді. Кейін Кенжекең осынау ұлы тұлғалардың жарық дүниеге шығып, есімдерінің жалпақ елге жария болуына айырықша үлес қосты.

Кенжекеңнің қазақтың классик ақыны

Сырбай Мәуленовтің өзімен ғана емес, жалпы жанұясы - отбасымен етене аралас болуының бір сыры осында.

Сыр-ағаң үйіндегі жеңгеміз Күлжамал Ахаңның ағасы - Қалидың қызы. Бұл жайлы ол кезде көп аса айтыла қоймайтын.

Сырағаңның ақындығын қастерлеген Кенжекең, оның отбасы, бала-шағасына назар аударып, араластықтан айныған жоқ. Көп жылдар іргелі оқу орындарында бірегей басшылық жасаған Кенжекең, Сырағаң балаларының жан-жақты жоғары білім алуына жанашырлықпен атсалысты. Қазір Сырағаң балалары білім ордаларының әр саласында білікті маман болып, ел игілігіне үлес қосып жүр.

Келе-келе Кенжекең Ахаң туралы үлкен аудиторияларда, келелі кеңес-жиындарда, тіпті шетелдік басқосуларда ұлы адамның ғұмырнамысын ұлықтайтын ғылыми баяндамалар жасап, елеулі еңбек сіңірді.

Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова Кенжекеңнің отбасында

***

Академик Кенжеғали Сағадиев қаншама мемлекеттік мәселелермен айналысып, қоғамдық жұмыстардың қатқабат ортасында жүрсе де, өзінің туған ауылын назардан тыс қалдырып көрген жоқ. Қаншама ғылым-білімнің әлемдік деңгейінде әлеуетті істерді атқара білген Кенжекең өзінің кіндік қаны тамған жері - Ахаң ауылына арнайы барып, ел-халықтың жай-күйімен танысып тұруды ұмытқан емес. Оған әсіресе, Парламент депутаты болып, мемлекеттік мәні бар іргелі істермен араласуға мүмкіндігі болған тұста, оның туған жерге деген перзенттік парызы тым күшейе түсті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тәлтіректеп барып, аяғынан енді тұра бастаған Торғай өңіріне жан-жақты, әлеуметтік көмек беру қажеттігі - қоғам қайраткерінің қабырғасына қатты батты. Өмір бойы бүйрегі бұрып, бүйірінің бір бұрышында жүретін туған өлкесінің кейінгі кездегі келеңсіз қалпы, қанша жүрегін ауыртса да, қолдан келер дәрмен болмай жүрген. Келе-келе академик Кенжеғали Сағадиев осынау туған жерінде түйіні шешілмей жатқан тауқыметті істердің бәрін қалпына келтіруге қисынын келтіріп, қиыннан жол тапты. Оған академиктің Параламент мүшесі - мәжіліс депутаты ғана болып қоймай, оның үстіне Қаржы және Қаражат Комитетінің төрағасы болу құқығы - абзал азаматтың еліне деген жанашырлығына жол ашты.

Мұның алдында өз қаражатымен туған еліне талай қамқорлық жасап, бірақ ол ісінің әлдекімдердің қараусыздығынан қолды боп кеткеніне іштей күйініп жүрген ел перзенті, енді мемлекеттік мәселелерді шешу тізгіні қолына тигенде, өз ауылынан аянып қалған жоқ. Алыстағы шалғай ауыл - туған Аккөліне жаңа жобадағы орта мектеп құрылысын салдырып, бұл күнде бұл игілікті шара өз шешімін тапқалы тұр. Алдағы оқу жылында Аккөл ауылында Кенжекең салдырған жаңа мектеп, өз оқушыларына есігін айқара ашқалы тұр. Ауданда талай жылдар шешілмес проблемаға айналған ауыз су мәселесі де өз шешімін тауып үлгерді. Торғай даласын тас жол тарту мәселесі де бір жүйеге келіп қалды. Одан әрі күрделеніп қалған күрмеуі мол істерді түйіні тарқатыла түсер тұста, әттең-ай, әттең... Парламент мерзімінен бұрын тарап кетті.

Әйтсе де, 2007 жылы жаңадан сайланған Парламентке қайта іліккен Кенжекең, Мәжіліс депутаты, экология және табиғи ортаны қолдану комитетінің мүшесі, сондай-ақ, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының фракциясында экономиканы диверсификациялау Кеңесінің Төрағасы ретінде көптеген шаруа-шаралардың түйінін

шешетініне ешкім де күмән келтіре қоймас. Себебі, қазіргі таңда халықтың ұғымында «Нұр Отан» партиясының шешпейтін түйіні жоқ деген жақсы пікір қалыптасқан. Үміт алдамаса керек. Ел тілегі соған саяды.

Мен Кенжекеңнің ғылым-білім, мәдениет-өнер, саясат саласындағы талай аға-інілер, дос-жолдастары, құрбы-құрдастары жайлы қарым-қатынастары хақында әңгімелегенім жоқ. Оның жыры бір бөлек. Ал, алған атақтары, көрген құрметтері, мақтау-марапат, сый-сияпаттары туралы толғансақ талай қағаздың бетін толтырар едік.

Жалпы, бүгінде жетпіс жасты жәукемдеген халқымыздың сындарлы да сырбаз ұлы Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев туралы сыр-сұхбат мұнымен ғана аяқталмаса керек. Ол туралы айтылар сыр да, жыр да әлі алда.

Ал, әзірге айтарымыз тойға шашу,
жыр-тілек қана...
Басымды басқаға емес саған иіп,
Берілер бір Өзіңе баға биік! -
Дейді оған шәкірттері
Шын жүректен,
Өйткені, ол -
Академик Сағадиев.

Өйткені, ол академик,
Ел білетін.
Айтқанын аймағына сендіретін.
Мінеки, жетпіс жасқа келген кезде,
Айтуға ақиқатын келді ретім.

Әр сөзі ұрпағына ұран болып,
Әр ісі жалпақ елге жыр-ән болып.
Торғайда туып-өскен,
Қостанайдан -
Қомданған қос қанатты қыран болып.
Мәскеуден,
Білім алған Алматыдан.
Ештеңе аяған жоқ ел-халқынан,
Қырандай қаранады жан-жағына,
Өзіндік өзгермеген паң қалпынан.

Тарихы қалың қатпар, алып дастан,
Жазған ол -
Жылдар бойы жалықпастан.
Ұстаз ол -
Абай атам айтқандайын,
- «Ақырын жүріп... және анық басқан».
Дәл өзі нағыз тұлпар - ақтангердің.
Орнында ізі қалған шапқан жердің.
Ағаны дәл осындай,
Асқар таудай,
Келеді мақтай бергім, мақтай бергім!

Ұлтымның көп болғанмен ұлы адамы,
Ғасырлар сирек туар ғұламаны.
Әлемдік деңгейдегі,
Дүйім дүние -
Деген де атағы бар - «Жыл адамы».

Бір жылдың адамы емес,
Мың жылдардың,
Адамы ол - өтіп шыққан сынның бәрін.
Өзіннің білігімен таңқалдырған,
Жер деген Планета тұрғындарын.

Кенжекең,
Кенжеғали,
Кенже Батыр.
Әр сөзі халыққа - құт, елге - нақыл.
Бойында тұтап тұрған от сезімі,
Бәрінде бірақ соның, жеңген ақыл.

Орнығып Астанадай арда Кентке,
Жақындап барған талай жанған өртке.
Елдіктің ерен биік сөзін айтты,
Отырып екі кезең Парламетте.

Аламыз мақтай да оны, мақатана да,
Жігітке оңайлықпен бақ қона ма?!
Көбіміз Астанаға жаңа келдік,
Болған ол бізден бұрын Ақмолада.
Астана оттай жанған алау мекен,
Халқына қай кезде де қалаулы екен.
Әлемде Кенжекеңдей экономист,
Саусақпен санарлықтай -
санаулы екен.

Өмірдің таусылмайды сан шаттығы,
Тұрады жүрек ылғи аңсап мұны.
Кетеді тау-даланы кезіп кейде,
Ойына түсіп кетсе аңсақтығы.

Ойына түсіп кетсе балалығы,
Байқалып басқалардан даралығы.
Тартады, - «Әулиекөл қайдасың?» - деп,
Жалғанның жарқ еткендей жаңа күні.

Бәрі де өткен-кеткен ұмыт болып,
Қараймыз келешекке үміт толып.
Кенжекең ортамызда отыр бүгін,
Мінеки, Жетпістегі Жігіт болып!